



**6D074800 - "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған "Adonis
L. тұқымдастының кейбір түрлерінен фитосубстанциялар алушын
теориялық және тәжірибелік аспектілері" тақырыбы бойынша
диссертациялық жұмысты орындаған докторант**

**Сауле Оразмұханқызы Орынбековаға
ғылыми көзесші, фарм.ғ.д., профессор З. Б. Сакипованың
ПІКІРІ**

Сауле Оразмұханқызы Орынбекова С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ үлттық медицина университетінде 6D074800 – “Фармацевтикалық өндіріс технологиясы” білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат, магистратура және PhD докторантура деңгейлерінде окуды сәтті аяқтады. Студенттік жылдарында ол ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып, ғылыми жобаларға қатысты, бұл кейіннен оның диссертациялық зерттеу бағытын айқындағы.

Орынбекова Сауле Оразмұханқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының фармацевтикалық және медициналық өнеркәсібін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары шенберінде өзекті міндеттердің бірін шешуге, атап айтқанда өсімдік фармацевтикалық субстанцияларын әзірлеуге және ел аумағында өсетін дәрілік өсімдіктер негізінде дәрілік препараттар өндірісін ұйымдастыруға бағытталған.

Диссертациялық зерттеу аясында С. О. Орынбекова алғаш рет бұрын зерттелмеген *Adonis tianschanica* түріне фитохимиялық талдау жүргізді. Зерттеу нәтижесінде сығындылардың құрамында полифенолдар, органикалық кышқылдар мен кумариндер сияқты көптеген метаболиттер бар екені анықталып, ал жүрек гликозидтерінің мөлшері тек іздік деңгейде тіркелді. GxP және ICH (Q9, Q10, Q11) қагидаттарына негізделе отырып, *A. tianschanica* және *A. Aestivalis* түрлерінен өсімдік фармацевтикалық субстанциясын жасау әдістемесі әзірленді. Зияткерлік меншік нысаны ретінде бұл жұмыс 2025 жылға 21 қантардағы №53681 авторлық құқықтар мемлекеттік тізілімінде тіркелді.

Шикізаттағы GACP талаптарына сәйкес өсіру технологиясы әзірленіп, оның ғылыми жағалығы №7727 «*Adonis L.* туысы өсімдіктерін фитоинтродукциялау тәсілі» атты патентпен ирасталды. Зерттеу нәтижелері бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда (Scopus – 77%, Web of Science Q1) мақала жарияланды.

Алынған нәтижелердің шынайылығы күмән туғызбайды, себебі орынбекова С.О. диссертациялық жұмыстың жекелеген эксперименттік кезеңдерін әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында – Польшадағы Люблин



«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»

Фармация мектебі

Пікір

Редакциясы: 1
2 беттің 2беті

медицина университетінде, Ирландиядағы Дублин Тринити колледжінде, сондай-ақ ҚазҰМУ Фармация мектебінің кафедрасында орындаған.

Орынбекова С.О. ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша кәсіби даярлықтан өтіп, оқытушылық салада өзін табысты жүзеге асыра білді. Қазіргі таңда 9 жылдық педагогикалық тәжірибеге ие.

Adonis tianschanica (Adolf.) Lipsch. және *Adonis aestivalis* L. өсімдіктерінен өсімдік текстес фармацевтикалық субстанцияны алу әдістемесі «ФитОлеум» кәсіпорнында енгізілді. Зерттеу нәтижелері Польшадағы Люблин медицина университеті мен С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасының оку үдерісіне енгізілген.

Осылайша, Орынбекова С.О. докторантурға түлектеріне қойылатын негізгі құзыреттер талаптарына толық сай келеді, терең теориялық білімге, сондай-ақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында қолданылатын заманауи зерттеу әдістері мен практикалық дағдыларға ие.

Ғылыми кенесші ретінде Орынбекова Сауле Оразмұханқызы докторлық диссертация аясында жоспарланған жұмыстың толық көлемін орындалап, қойылған ғылыми мақсатқа қол жеткізді деп есептеймін. Алынған нәтижелер ғылыми жаңалыққа және жоғары практикалық маңыздылыққа ие.

Бұл пікір С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың 6D074800 – «Фармация» және 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша «Фармация» мамандықтар тобының Диссертациялық кенесінде дайындалды.

Ғылыми кенесші:

ҚазҰМУ Фармация мектебінің деканы,
фарм. ғ. д., профессор

З.Б. Сакипова

